ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 24 сәуір №5265-25-00-2/1074 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Д.М.Конысбаеваның төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының "Оңтүстік" өңірлік қолбасшылығы - 5449 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «ALEM 27» атынан әрекет етуші Баян Мұратқызы Алтыбаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының "Оңтүстік" өңірлік қолбасшылығы - 5449 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы –қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «ALEM 27» атынан әрекет етуші Баян Мұратқызы Алтыбаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «ALEM 27» атынан әрекет етуші Баян Мұратқызы Алтыбаевадан мемлекет пайдасына мемлекеттік баж салығы 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Дара кәсіпкер «ALEM 27» атынан әрекет етуші Баян Мұратқызы Алтыбаевадан мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 5523 (бес мың бес жүз жиырма үш) теңге 3 (үш) тиын өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз,

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 28.04.2025
Заңды күшіне енген күні: 10.06.2025, судья Конысбаева Д. М., 25.06.2025
5265-25-3-1/1062

егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруі мүмкін.

Судья **Д.М.Конысбаев**

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 28.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 10.06.2025, судья Конысбаева Д. М., 25.06.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
МИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство